

«Көктал жалпы білім беретін мектебі» КММ

Қамқоршылық кеңесі отырысының

№ 2 хаттамасы

13. 09. 2025ж

Қатысқандар:

1. Ж.К. Даулетов – кеңес төрағасы
2. Ж. Туткушев – кеңес мүшесі
3. Б.Т. Ахметов - кеңес мүшесі
4. Б.Ж. Бакарамов - кеңес мүшесі
5. Е.Ж. Жунисов - кеңес мүшесі
6. Е.Ш. Абдишев - кеңес мүшесі
7. Е. Бериков - кеңес мүшесі
8. Б.С. Рысбеков - кеңес мүшесі
9. Е.М. Молдабеков - кеңес мүшесі
10. Мектеп директоры Ж.Ж. Кунанбаев
11. ДТДЖО Ш.Ш. Жакупова.

Күн тәртібі:

2. «Көктал жалпы білім беретін мектебі» КММ-де өзін-өзі бағалау жұмысының өтуі туралы.

Бірінші мәселе бойынша «Көктал жалпы білім беретін мектебі» КММ директоры Ж.Ж. Кунанбаев сөз алды, ол мемлекеттік аттестаттаудың негізгі ережелерін ұжымға жеткізді.

Мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» заңына. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес профилактикалық бақылау арқылы бес жылда бір рет жүргізіледі. 2024 жылдың 18-22 қараша аралығында мектеп мемлекеттік аттестаттаудан өтуіне байланысты 2024 жылдың 16 қыркүйектен 16 қазанға дейінгі аралықта мектеп өзін-өзі аттестатау жұмысы өтетінін айтты.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай қорытындылардың бірі беріледі:

- 3) Білім беру ұйымдарының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына толық сәйкес келген жағдайда, аттестатталды;
- 4) Білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына толық сәйкес келмеген жағдайда, аттестатталмайды.

Бұзушылықтар жойылмаған немесе белгіленген мерзімде есеп ұсынылмаған жағдайда білім беру ұйымы «аттестатталмады» деп есептеледі, бұл бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін негіз болып табылады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 4-1-тармағына сәйкес білім беру ұйымдары жыл сайын білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізеді. Өзін-өзі бағалау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы

№486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» бойынша жүзеге асырылады.

Өзін-өзі бағалау мына бөлімдер бойынша жүргізіледі:

- 11) Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы,
- 12) Кадрлық құрамға талдау ;
- 13) Білім алушылар контингенті;
- 14) Оқу-әдістемелік жұмыс;
- 15) Оқу-материалдық активтер;
- 16) Ақпараттық ресурстық және кітапханалық қор;
- 17) Білім алушылардың білімін бағалау;
- 18) Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы;
- 19) Кемшіліктермен ескертулер, оларды шешу жолдары;
- 20) Қорытындылар мен ұсыныстар.

Осы аталған бөлімдер бойынша жауаптыларды ұсынады. 7,8,9,10,11,12,13, қосымшаларды толтыруға жауаптылар тағайындалды. Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрылғанын айтты.

Қаулы:

4. Қорғаншылық және қамқоршылық кеңесі 2025 жылдың 16 қыркүйектен 16 қазанға дейінгі аралықта мектепте өтетін өзін-өзі бағалау жұмысына қолдау көрсетсін.
5. Өзін-өзі бағалау барысында сауалнамаға ата-аналар белсене қатыссын.
6. Комиссия мүшелері белгіленген мерзімде «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес 3 жыл ішінде қайтадан жаңартып, түзетілген (2022-2023 оқу жылы, 2023-2024 оқу жылы, 2024-2025 оқу жылы) ақпарат дайындалсын.

Кеңестің төрағасы  Ж.К.Даулетов.

Хатшы

 М.К.Жунусова .